

"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 200-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

3. Жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, сондай-ақ өзге де мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде мүлікті жария етудің жүргізілуін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 13 шілдедегі
N 200-ө өкімімен

бекітілген

**"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы"
Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында
қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүліктің жария етілуін жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау) ИСМ Қаржымині ЖРА	2006 жылғы шілде
2	Құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүліктің жария етілуін жүргізу жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау) ИСМ Қаржымині ЖРА	2006 жылғы шілде

3	"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға қабылдауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау) ЖРА	2006 жылғы шілде
4	"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЖРА (жинақтау) ИСМ	2006 жылғы шілде
5	"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2006 жылғы шілде
6	Салық органдарында мүліктің жария етілуін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2006 жылғы шілде

Е с к е р т п е :

аббревиатуралардың

толық

жазылуы:

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі.